

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі бағалауының

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ойыл ауылы 2023 жыл

«Ақтөбе облысы білім басқармасының Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім мен тәрбие беру жағдайын өзін-өзі бағалауының қорытынды АНЫҚТАМАСЫ

Бұйрық №363

Өзін-өзі бағалау жүргізуге негіз: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы № 634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», " Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі № 366 бұйрығын «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығы мен Ақтөбе облысы білім басқармасының 06 желтоқсандағы қатынасын негізге ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде 2022-2023 оқу жылын қортындылау, өзін-өзі бағалау мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- | | |
|---|--------------------------------|
| 1. Жонисова Маржан Салимгереевна | мектеп директоры |
| 2. Уткельбаева Самал Сансызбаевна
жөніндегі орынбасары | мектеп директорының оқу ісі |
| 3. Сағынов Абдилда Куатович
жөніндегі орынбасары | мектеп директорының тәрбие ісі |
| 4. Есенгазина Дидар Ізденқызы | кәсіподақ төрайымы |
| 5. Сағынғалиева Айгүл Ғазезқызы
жетекшісі | бастауыш сынып бірлестігінің |

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

13. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық

құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

Бұйрық №363

Ж. Жүсіпәлиев атындағы Ойыл
қазақ орта мектебі бойынша

27 қазан 2023 жыл

Өзін-өзі бағалау туралы

Өзін-өзі бағалау жүргізуге :Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттесттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық», «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 шілдедегі №366 бұйрығын «Білім беру ұйымдарының бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 2 ақпандағы №124 бұйрығымен Ақтөбе облысы білім басқармасының 06 желтоқсандағы қатынасын негізге ала отырып

БҰЙЫРАМЫН:

Ж.Жүсіпәлиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінде 2022-2023 оқу жылын қортындылау, өзін-өзі бағалау мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылсын:

Өзін-өзі бағалау комиссиясының құрамы:

- | | |
|----------------------------------|---|
| 1.Жонисова Маржан Салимгереевна | мектеп директоры. |
| 2.Уткельбаева Самал Сансызбаевна | мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары |
| 3.Сағынов Абдилда Қуатович | мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
| 4.Есенгазина Дидар Ізденқызы | кәсіподақ төрайымы |
| 5.Сағыпғалиева Айгүл Ғазезқызы | бастауыш сынып бірлестігінің жетекшісі |

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп сарапталды, олар:

13.Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жанартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысын басқару және ұйымдастыру оқу жылдарына арналған жұмыс жоспарларымен анықталған. Жұмыс жоспарлары тамыз айындағы педагогикалық кеңестерде талданып, бекітілген.

Мектеп директоры:  М.С.Жонисова



2022-2023 оқу жылында

Мектептің миссиясы, мақсаты мен міндеттері,

Мектеп миссиясы: «Интербелсенді оқыту технологияларын ықпалдастыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын, мұғалімдердің кәсіптік шеберлігі мен құзіреттілігін қалыптастыру».

Мектеп мақсаты: оқытудың жаңа әдіс – тәсілдері арқылы білім бәсекесіне қабілетті тұлға қалыптастыру, жаңартылған МЖМБС талаптарына сәйкес даму режимінде мектеп жұмысын жүзеге асыруды қамтамасыз ету; оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, тиімді және сапалы білім беру және оның тұтастығы мен даму мәселелерін шеше алатын Қазақстан патриоты – полимәдениетті, прагматикалық тұлғаларды қалыптастыру

Міндеттері:

1) Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу.

Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау.

Білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету: стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар.

Білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

Мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту.

Мектептің білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту.

2) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2022-2023 оқу жылында

1-4-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 1-қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары оқыды.

5-9-сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012

жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6-шы қосымшасымен бекітілген негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасымен оқыды.

10-11- сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 20 тамыздағы №365 бұйрығының 86-шы қосымшасымен жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары жүзеге асырылды

Инклюзивті оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 4-шы қосымшасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 22 тамыздағы №365 бұйрығы 4-ші қосымшасымен оқыды.

Үйден оқыту Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының 9-шы қосымшасымен оқыды.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі –ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру

5-9-сыныптар Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылды.

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

2022-2023 оқу жылында 1-4-сыныптар «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы(ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

б) Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процессін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі)

Мектептің оқу жоспарын талдау:

1. 2022-2023 о.ж. мектептің оқу жоспары толық орындалды, оқу бағдарламалар өтілді.

2. 9-сынып оқушылары қорытынды аттестация бойынша негізгі мектепті бітіру туралы аттестаттарын, 11-сынып оқушылары жалпы орта білім бітіру аттестаттарын алды. Барлық сатылар бойынша үлгерім бір қалыпта. Білім сапасында соңғы үш жылда 2% өсім бар. 2022-2023 оқу жылында 1-4 сыныптарда білім сапасы 68%, 5-9 сыныптарда 54%, 10-11 сыныптарда 61%. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы 58%, үлгерімі 100 %.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес мектептегі оқу-тәрбие процесі бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылды. Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушының жеке мәдениетіне, тұлғалық құндылығына айналдыру мақсатында отбасы-мектеп-оқушы үштігінің қатысуымен жылдық тәрбие жұмысын кешенді түрде жүргізілді.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының ерекшелігі құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы.

Мақсаты: Оқушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулу арқылы тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын жүзеге асыру. 2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар мектептің тәрбие жоспары мен сынып жетекшілердің тәрбие жоспарына енді.

«Оқуға құштар мектеп»;

«Құқықтық сана – қауымға пана»;

«Дәстүр мен ғұрып»;

«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»;

«Қоғамға қызмет»;

«Мектеп өмірінің бір күні»;

«Дебат» қозғалысы;

Оқушылардың «Өзін-өзі басқару» ұйымдары;

«Театр сабақтары» жобасы.

Жобалардың негізгі идеясы білім алушыларды ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу болып табылады. Жоба материалдары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтынан алынды. <https://www.nao.kz>).

Тәрбие жұмыстары төмендегідей нормативті-құқықтық құжаттар негізінде ұйымдастырылды:

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі;
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы. 2016 жылғы 6.12 №384 Жарлығы;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI;
- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Сыныптан тыс жұмыс пен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлауда 2022-2023 оқу жылында аталып өтетін төменде көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударылды:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 30 жыл

Мәншүк Мәметованың 100 жылдығы

Роза Бағыланованың 100 жылдығы

Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығы

Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдығы

Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы.

Тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылды:

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша келесі іс-шаралар өткізілді:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес 1 қыркүйек Білім күні мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған 1 сынып оқушыларына арналған «Кел, балалар, оқылық!» атты салтанатты жиын өтті. Аудан әкімі А.

Қазыбаев 1 сынып оқушыларына Әліппе оқулығын салтанатты түрде табыстады.

2-11 сыныптарда Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» атты сынып сағаттары өтті. Оқушылардың жазғы демалысы кезіндегі қызықты өткізу мақсатында «Менің жазғы демалысым» атты фото видео челенджі өткізілді.

-Конституция күні қарсаңында тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Конституция - кемелдіктің белгісі» атты дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Қазақ қоғамының жиырмамыншы ғасыр тарихындағы Конституцияларының ерекшеліктерін аңғарту, жетістіктеріне тоқталу.

-Білім алушылар арасында мәдениеттілікті, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиені нығайту мақсатында "Мен елімнің патриотымын" атты патриоттық сабақ өтті.

2022 жылдың 9 қыркүйек күні, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлары полиция капитаны Т.Құбышев пен полиция лейтенанты Н.Әділбеков 8-11 сыныптар аралығында оқушылармен кездесіп құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында кездесу ұйымдастырды. Кездесу барысында кәмелетке толмағандардың қылмыстық және әкімшілік жауапкершілігі туралы тереңдетіліп айтылды. Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу болып табылады. Сонымен қатар, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспекторлары кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта болуына ерекше назар аударды.

-Республикалық «Абайлаңыз балалар!» акциясы аясында кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 13-19 қыркүйек аралығында "Жасөспірім" жедел алдын алу шарасы өтті. Шараға мектебіміздің "Тәртіп сақшылары" тобының мүшелері, "Әкелер мектебінің" жетекшісі мен "Аналар мектебінің" жетекшісі қатысты. Мектеп оқушыларымен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектебімізде құқық бұзушылықтың алдын алу, суицид және жыныстық тиіспеушілікке қарсы тақырыпта жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібінде қаралған мәселелер: ата-ананың басты назарында бала тәрбиесі болуы; кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстың алдын алу; тәртіп пен жеке гигиенаны қадағалау. Ойыл ауданы әкімінің орынбасары М. Айдарбаев. Ойыл ауданының прокуратурасының аға прокуроры Н. Ермекбаев. Ойыл АПБ-ның ЖПҚБ/КТІЖ полиция капитаны Т. Құбышев. Ойыл аудандық аурухана мамандары: Н. Әбдіғалиқызы, А. Алпысбайқызы қатысып ата-аналарға түсінік жұмысын жүргізді.

- "Жол қауіпсіздік ережелері" он күндігі шеңберінде бастауыш сынып оқушыларына мектебіміздің «Жас жол инспекторлары» жол қауіпсіздік ережелерін түсіндіріп, мектеп жанындағы жолақтардан қалай өту керектігін көрсетті.

- «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы аясында оқушыларға автобус қауіпсіздігі, тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ұлттық тәрбие бағыты бойынша: «Өнегелі бір сағат» аясында "Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі" тақырыбында сыныптан тыс жұмыс өтті. Орта буын оқушылары қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде өлеңдерді жатқа оқыды. "Қыран елім - Қазақстаным" 25 қазан Республика күніне орай мектебіміздің педагог-ассистенті Ақорал Маратқызының бастамасымен 8а сынып оқушылары бірлесе, ауданымыздағы педагогикалық- психологиялық түзетім кабинетіне барып “Жақсылық сағатын” өткізді.

25 қазан Республика күніне орай “Қыран елім - Қазақстан” патриоттық акциясы аясында көркем сурет байқауы өткізілді.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Мәдениет - ұлттық қайта өркендеу коды» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: Ұрпақтар сабақтастығы арқылы Қазақстан халқының мәдениетін, тілін, ұлттық дәстүрін сақтау және дамыту. Оқушы жастарды ұлттық мәдени бірегейлікті сақтауға тәрбиелеу.

"Оқуға құштар мектеп" республикалық акциясы аясында Қазақтың хас ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай 10-сынып оқушылары арасында ақының өлеңін жатқа оқу байқауы өтті. “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында “Үзілісте кітап оқиық!” атты шара өткізілді. Мақсаты: оқушыға кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру. Кітап оқуға басшылық жасау. Сөздік қорын молайту. Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру.

«Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Ұлттық қолөнер - тәрбие көзі» атты онлайн көрме өтті. Көрмеге оқушылардың көркем еңбек сабақтарында, «Қолданбалы өнер» және «Ағаш өнері», «Мүсіндеу» үйірмелерінде жасалған бұйымдары қойылды. Көрмеге қойылған бұйымдар: ағаштан жасалған ағаш табақ, тостақ, тоқыма бұйымдар, киізден (фетрден) жасалған әмиян, аспалы және қол сөмкелер, тұзды қамырдан жасалған түрлі мүсіндер, гобелен тоқу сияқты әртүрлі қолөнер бұйымдары және қыштан жасалған ыдыстар көрсетілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша:

«Оқуға құштар мектеп» республикалық жоба аясында І. Есенберлиннің «Айқас» романына - 55 жыл толуына орай мектеп кітапханасында 11-сынып оқушыларымен романның мазмұны талқыланды.

«Оқуға құшар мектеп» жобасы аясында Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай, «Оқысаңыз, балалар, Шамнан шырақ жағылар!» атты кітап оқу акциясы аясында 5-сынып оқушылары арасында ақын өлеңдерінің байқауы өтті. 5 «Б» сыныбына өткізілген "Тәуелсіздік жетістіктері" тақырыбындағы тәрбие сағаты. Мақсаты:

-Оқушылардың тәуелсіздік туралы ұғымдарын кеңейту.

-Тәуелсіздіктен кейінгі еліміздің басты жетістіктерімен таныстыру.

-Оқушылардың бойында патриоттық, отаншылдық сезімдерін ояту. 4 «Б» сыныбына өткізілген «Тәуелсіздік-ел тірегі» тақырыбындағы тәрбие сағаты.

Мақсаты: ҚР туралы оқушылардың алған білімін жинақтап, одан әрі танымдылығын арттыру. 10-сыныпқа өткізілген «Тәуелсіздік – ел бақыты» тақырыбындағы тәрбие сағаты.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету;

Оқушыларды өз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге тәрбиелеу. 8 «В» сыныбына өткізілген «Тәуелсіздік – ел бақыты» тақырыбындағы тәрбие сағаты.

Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан туралы, оның Тәуелсіздігі туралы мәлімет беру, Тәуелсіздікке қалай жеткенін баяндау, көрсету;

Оқушыларды өз елін сүйуге, қадірлеуге, осы елдің ұланы екенін мақтан етуге баулу, өз ана тілін сүйуге тәрбиелеу. 2 «А» сыныбына өткізілген «Тәуелсіздік-тұғырым» тақырыбындағы сынып сағаты. Мақсаты: Отанын сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар:

«ЭКОstar» жобасы негізінде аудандық балалар кітапханасымен бірлесіп 3 «а» сынып оқушыларымен "Табиғат - алтын бесігім" тақырыбында сынып сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларды табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелеу. Мектебімізде Республика күніне орай ұйымдастырылған «Қыран елім-Қазақстаным» апталығының аясында «Таза табиғат» экологиялық акциясы өткізілді. Сенбілікке 9-11 сынып оқушылары, мектебіміздің «Өзін-өзі басқару ұйымы» мен «Жас ұйымының» мүшелері қатысты.

"Мектеп еріктілері" клубы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «30 қайырымды іс» жобасы негізінде Республика бойынша өтіп жатқан «Birgemiz:Taza Alem» акциясын қолдап, тазалық жұмыстарын жүргізді. Қарттар мерекесіне орай мектебіміздің “Мейірім” еріктілер тобы “Құрметтейміз қарттарды” атты қайырымдылық акциясын ұйымдастырып, зейнеткерлерге қолғанат боп, көмек берді. Қариялардың батасыналып, алғысына бөленді.

Республика күнін мерекелеу мақсатында ұйымдастырылған «Қыран елім Қазақстаным» апталығына орай мектебіміздің оқушыларына «Қазақстан еліне виртуалды экскурсия» өткізілді.

25 қазан Республика күніне орай «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясы аясында мектеп ұстаздары атынан дәстүрлі түрде “Жүректен жүрекке” атты асар қайырымдылық бірлестігі атынан 4 отбасыға азық-түлікпен көмек көрсетілді.

1 «Б» сыныбына өткізілген «Бірлігі жарасқан Қазақстан» атты тәрбие сағаты. Мақсаты: Балалардың «достық», «бірлік», «халық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. 1 "В" сыныбына өткізілген «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!» атты тәрбие сағаты. Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік рәміздердің аса маңызды екенін, оны құрметпен мақтан тұту керектігін ұғындыру, достық, бірлік құндылықтарын түсініктерін кеңейту, рәміздерді құрметтеуге өз Отанын сүйуге, тәрбиелеу. 2 «А» сыныбына өткізілген «Қазақ елі-менің Отаным» тәрбие сағаты. Мақсаты: Оқушыларды өз Отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, саналы да парасатты азамат болып өсуге тәрбиелеу. 2 «Б» сыныбына өткізілген «Бірлігіміз жарасқан-Қазақстан» тәрбие сағаты. Мақсаты: Балаларға Отан туралы, еліміздің ынтымағы жарасқан ұлттар достығы туралы түсінік беру. Бірлігі жарасқан халық екендігімізді ұғындыру. 3 «А» сыныбында өткізілген «Бірлігі жарасқан-Қазақстан» тәрбие сағаты. Мақсаты: «достық», «халық», «бірлік» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту. 3 «Б» сыныбына өткізілген «Қазақстан -кең байтақ Отаным!» тәрбие сағаты.

Мақсаты: ҚР - ның жеткен жетістіктері, тарихы, діні, тілі туралы оқушыларға ақпарат беру. Оқушыларды адамгершілікке, халқына адал қызмет етуге, ел рәміздерін қастерлеуге, нағыз ұлтжанды болуға тәрбиелеу. 8 «А» сыныбына өткізілген «Қайта оралды қазағымның Республика күні» тәрбие сағаты. Мақсаты: -оқушылардың бойына туған еліне деген құрмет пен отаншылдық құндылығын дарыту. - ҚР мемлекеттік мерекелері туралы мәлімет беру; - Республика күнінің маңыздылығын түсіндіру; - Отаншылдық құрмет құндылығын дарыту.

25 қазан Республика күні мерекесін атап өту мақсатында ұйымдастырылған мектепшілік апталық іс-шарада 5-8 сыныптар арасында «Қыран елім-Қазақстаным» атты мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Дебат клубының ұйымдастыруымен «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында дебат ойыны болды. Ойын барысында оқушылар жемқорлық туралы ой қозған, өз алғырлықтарын көрсете білді. Республика күнін мерекелеу мақсатында ұйымдастырылған «Қыран елім Қазақстаным»

апталығына орай «Жас Ұлан» ұйымы мүшелері мен «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелері арасында «Қазақстан достық мекені» тақырыбында дебат сайысы өткізілді. Мектебіміздің дебат клубының жетекшілері Жәнібек Ешімұлы мен Толқын Бітімбайқызы дебатты өткізуге белсене атсалысты. Пікірталас соңында «Үздік спикер», «Жас спикер», т.б. сынды номинациялар анықталды.

«Ақиқат» дебат клубының жетекшілері Жәнібек Ешимович пен Толқын Бітімбайқызы «Алаштың ұлы Ахметі» тақырыбында пікірсайыс өткізді. Дебат жаңа форматта ұйымдастырылды. Линкольн-Дуглас дебат форматы - атақты Авраам Линкольн мен Стивен Дугластың арасында болған дебаттың құрметіне аталған екі адамдық дебат форматы. Линкольн-Дуглас - құндылықты ойын, кім не үшін ойнап отырғаны үлкен рөл ойнайды. Бұл дебаттарда идеялардың қалай жүзеге асатыны маңызды емес, ең бастысы ойыншының құндылығы болып табылады. Ойынға бір ақтаушы және бір даттаушы қатысады. Біреуі Линкольннің, екіншісі сәйкесінше Дугластың рөлін ойнайды. Бұл пікірсайыстың «Ең үздік спикері» 11-сынып оқушысы Жұмашева Ару атанды. Құқық бұзушылықтың алдын алу-басты міндет» атты апталық аясында 7-сынып жетекшілері «Бала тәрбиесі-отбасы мен мектептің міндеті» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізді.

Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәриесі бағыты бойынша «Ұлы дала өркениеттері» республикалық байқауы аясында «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты эссе жазу іс-шарасы өтті. Эссе жазуға 9-11-сынып оқушыларынан 22 оқушы қатысты.

Сынып жетекшілер мен пән-мұғалімдері, әлеуметтік педагог және психолог мамандарына ата-аналармен жұмысты ұйымдастыруда әдістемелік көмек ретінде БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылған әдістемелік ұсынымдамаларды басшылыққа алып, 2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізуде.

Тәрбие процесіне қатысушылардың өзара әрекеті мектебіміздегі «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Адал ұрпақ» клубы, «Ақиқат» дебат клубы, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы, «Жас жол инспекторлары» клубы, «Мектеп еріктілері» клубы, үйірмелер мен секциялар жұмысының бірлескен жұмысы нәтижесінде жақсы көрсеткіштерге қол жеткізді деген сенімдеміз. Тәрбие құжаттары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

(бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

2022-2023 оқу жылы бойынша дарынды балалар мен мұғалімдердің жетістіктері

Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі бойынша 2022-2023 оқу жылында 60 педагог қызмет атқарады. Қазіргі таңда біліктілік санаттары бойынша 8 педагог-зерттеуші (13,11%), 16 педагог-сарапшы (26,2%), 10 педагог-модератор (16,3 %), 2 жоғары санат (3,2%), 2 бірінші санат (3,2%), 1 екінші санатты (1,6 %), санатсыз (63 %) қызметкер бар.

2022-2023 оқу жылы қорытындысы бойынша оқушылардың жетістіктеріне тоқталатын болсақ:

Балалар жылына арналған «Жұлдызай-2022» Ұлттық Ойындарының «Асық ату» облыстық кезеңінен 1 орын, республикалық кезеңінің 1 орын Әбубәкір Нұрзат Саматұлы Жетекшісі: Мұқашев Нұрлыжан Амангелдіұлы

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша 9 –класс оқушыларына арналған аудандық «Аламан» олимпиадасынан жүлделі 1 орын, облыстық кезеңінде жүлделі 1 орынға ие болды. Оразалиева Айнұр Ермекбайқызы. Жетекшісі: Биология пәні мұғалімі Дабылова С. Ж.(2022)

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша "Аламан" олимпиадасынан 3 жүлделі орын 2. Республикалық 9-11 сынып аралық пәндік олимпиада аудандық кезең 3 орын Хамзина Әлиянұр. Жетекшісі: Дабылова С.Ж.

«Дарынды жас ғалым» атты ауыл балаларына арналған облыстық ғылыми жобаның аудандық кезеңінде 1- орын, облыстық кезеңінде 2 жүлделі орынға ие болды. Марат Демеу Абатұлы. Жетекшісі: Тумышева Толқын Бітімбайқызы.

